

Албек Анелья Мәлсқызы магистр

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан***ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ
ҮДЕРІСІ**

Аннотация: Болашақ маманның ұлттық сана-сезімінің қалыптасуы қазақ халқының, қазақстанның біртұтас халқының өзіндік тарихы мен ұлттық мәдениет ерекшеліктері туралы білім мен көзқарас-пайымдарды игеру. ЖОО-да болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беру мәселесі жастарымыздың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтары мен адамгершілікке тәрбиелеу үдерісін қалыптастыру болып табылады. Ұлттық құндылықтар халқтың ұлттық мәдениетіне терең бойлау, оның тарих, тіл, салт-дәстүр, өзіндік маңызды құрамдас бөліктерін зерделеу, сонымен бірге қазақ халқының ұлттық мүддесін, ұлттық құндылықтары мен құндылықтар бағдарын саналы түрде қабылдау негізінде болашақ мамандардың келешек ұрпақтың бойына сіңіру.

Ключевые слова: Ұлттық сана-сезім, ұлттық тәрбие беру, болашақ маман, дәстүр, салт-дәстүр.

**ПРОЦЕСС ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ НА ОСНОВЕ
НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ**

Аннотация: Формирование национального самосознания будущего специалиста овладение знаниями и представлениями об особенностях национальной культуры и самобытной истории казахского народа, единого народа Казахстана. Проблема национального воспитания будущих специалистов в вузе заключается в формировании процесса воспитания национальных и общечеловеческих ценностей и нравственности нашей молодежи. Национальные ценности углубление в национальную культуру народа, изучение его важнейших составляющих истории, языка, традиций, обычаев, а также привитие будущим поколениям будущих специалистов на основе осознанного восприятия национальных интересов, национальных ценностей и ценностных ориентаций казахского народа.

Ключевые слова: Национального самосознания, национального воспитания будущих специалистов, традиций, обычаев, традиций.

**THE PROCESS OF TRAINING FUTURE SPECIALISTS BASED ON
NATIONAL VALUES**

Abstract: Formation of the national identity of the future specialist mastering knowledge and ideas about the peculiarities of the national culture and the original history of the Kazakh people, the united people of Kazakhstan. The problem of national education of future specialists at the university is the formation of the process of education of national and universal values and morals of our youth. National values deepening into the national culture of the people, studying its most important components of history, language, traditions, customs, as well as instilling future generations of future specialists on the basis of a conscious perception of national interests, national values and value orientations of the Kazakh people.

Key words: National identity, national education of future specialists, traditions, customs, traditions.

Кіріспе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарда» жалпы адамзаттық құндылықтарды, Қазақстанның тарихи тәжірибесін, педагогтердің жаңашыл тәсілдерін ескере отырып, тәрбие жүйесін жаңарту әдістемелерін әзірлеуге ерекше көңіл бөлінген. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Біз жаңа заманға сай болу үшін Төртінші өнеркәсіптік

революция жағдайындағы тарихи өрлеу бастауында тұрған біртұтас ұлт болуымыз керек» деп көрсетеді. Елбасымыздың бұл ойлары жас ұрпақты тәрбиелеуде халқымыздың тәжірибесі, отбасы, халық, ұлт педагогикасының субъектілері үшін бағдарламалық идея болмақ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында тәрбиелеу білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын, жалпы адамгершілік құндылықтары негізінде білім алушылардың рухын дамыту үшін жағдай жасауға, олардың өмірлік өзін-өзі билеуіне, азаматтық және кәсіптік тұрғыдан құндылықтарының қалыптасуына көмек көрсетуге, жеке адамның өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасауға бағдарланған нысаналы қызмет ретінде қарастырылады [1,6].

Жоғары білім берудің жаңа парадигмасы нәтижесі білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарауға әкелетін білімге бағытталып отыр. Өйткені білімнің өзінің құндылықтар жүйесі – субъектілердің өзін-өзі өзгертіп, өзін-өзі дамытуында мақсаттарға жетіп, нарықтың бәсекелестік заңдарына шыдай отырып, табысты өмір сүруге дайындау болып табылады. Болашақ маманның ұлттық сана-сезімінің қалыптасуындағы негізгі кезеңдер: қазақ халқының, қазақстанның біртұтас халқының өзіндік тарихы мен ұлттық мәдениет ерекшеліктері туралы білім мен көзқарас-пайымдарды игеру кезеңі; эмоционалдық сезім-күйді бастан кешіру кезеңі (Отанды сүю мен жерге деген қимастық сезімінің қалыптасуы, ұлттық мақтаныш сезімі, атамекен тағдырына жауапкершілік); қазақ халқына, Қазақстан халқына хас ұлттық мәдениет құндылықтарын, дәстүрлерін сақтауға бағытталған этносхема мен қалаулы әрекеттер этномоделінің түзілу кезеңі. Осыған сәйкес мемлекет құрушы ұлт өкілдері үшін этникалық барабарлық пен этникалық әлеуметтену деңгейінде болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру келесі бейнелі ойды қалыптастыруға бағытталуы тиіс: [2,8].

Негізгі бөлім ЖОО-да болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беру мәселесі Жастарымыздың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардан, адамгершілік және моральдық нормалардан алшақтауы, адамдар арасындағы қарым-қатынастарда ізгілік пен игіліктің жетіспеушілігі көп кездесетіні белгілі. Сондықтан, ұлттық тәрбие беру идеясының пайда болуы кездейсоқ үрдіс емес. Бұл егеменді еліміздің ертеңін ойлаудан, тынымсыз ізденіс негізінде пайда болған болашақ мамандарға арнайы білімдерімен қатар рухани-адамгершілік тәрбие беру, олардың алған білімдерін ұлт мүддесі мен ұлт игілігі үшін пайдалануға бағыттайтын ұлтжанды, патриот жастарды тәрбиелеу [3,92].

Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінезқұлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы рөлін атқарады. Балалар мен жастарды әлеуметтендіру мәселелеріндегі қауіптер мен тәуекелдер ең алдымен ғаламданудың дәстүрлі құндылықтар жүйесіне тигізер қысымымен байланысты. Ашық әлем жағдайында бұқаралық мәдениетті үстемелей, орынсыз пайдалану жалпыадамзаттық, сол сияқты ұлттық құндылықтардың

бұзылуына әкеледі. Барлық қазақстандықтар үшін ең ұлы құндылық, елдің әрбір азаматының оны көзінің қарашығындай сақтаудағы борышы және намысы – тәуелсіздік. «Тәуелсіздік» түсінігінің дәл мағынасы толық автономиялықты және өркениеттің өз ұлттық факторларының көмегімен дербес даму қабілетін білдіреді [4,12].

Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» - деп келтіреді. “Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ” – деген тұжырым жасаған қазақ халқының ұлы ақыны ғалым М. Жұмабаев. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек [5].

Заманауи мектеп нақты педагогикалық қызметте іске асырылуы қажет тәрбиенің бай педагогикалық тәжірибесін жинақтаған. И.П.Волков, Т.И.Гончарова, И.П.Иванов, Е.Н.Ильин, В.А.Караковский, С.Н.Лысенкова, Е.А.Ямбург, К.К.Жампеисова, Ж.Қараев, Б.Р. Айтмамбетова, К.Б. Бозжанова, С.С. Рахимова, Р.М. Қоянбаев, Э.И. Шныбекова, Р.К. Төлеубекова сынды педагогтер мен ғалымдардың еңбектерінде педагогикалық тәжірибенің бірегей жаңашыл және зерттеушілік үлгілері бар; адамгершілік тәрбиенің әдістемелік аспектілері К.А. Бекмұхамедова, К.Л. Болатбаева, Г.Ф. Гуревич, Р.Б. Нұртазина, К.Н. Сариева, Д.Т. Тұрсынов, Н.Н. Шманова және т.б. еңбектерінде көрінеді [4,5].

Зерттеудің барысы:

Осындай оқу-танымдық процессті белсендендіру арқылы сабақтар барысында субъект-субъектілік қарым-қатынас орнатылып, оқу үрдісінде әр студенттің ұлттық сана-сезімін оятуға, олардың тәуелсіз Қазақстан азаматы ретінде ұлттық намыс, ұлттық тіл, ұлттық діл, ұлттық мінез, ұлттық келбет, ұлттық бірлік сияқты маңызды ұғымдарды тереңінен түсініп санасына сіңіруге қолайлы жағдай жасалуда [3,95].

Зерттеу барысында педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдістемелік кешені дайындалды. Ұлттық сана-сезім қазіргі адам санасының ажырамас бөлігі болғандықтан, бұлай болуы заңды. Өркениетті елдердің

баршасында қилы мәдени мағыналарды іздестіру мақсатында сан алуан ой-әрекет түрлеріне араласып, сұхбат жүргізе алатын ұлттық мәдениетті ұстанушы адамды тәрбиелеу заманауи білімнің мән-маңызы болып табылады. Білім алушы жастарға ұлттық тәрбие беру мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеулерде келесілер атап көрсетілген: тұлғаның ұлттық санасезімі ұлттылық туралы ой-пікірді, ұлттың өткен тарихына, бүгіні мен болашағына деген көзқарасты, ана тілін үйрену мен төл мәдениетті зерделеп танудағы белсенділікті, ұлттық мүдде мен құндылықтар бағдарын түйсіне отырып қабылдауды білдіреді [2,4]. Жастардың рухани-адамгершілік деңгейінің төмендеуі келесі деңгейлерде тікелей көрініс тапқан:

- 1) ұлт денсаулығы;
- 2) ұлттың зияткерлік әлеуеті;
- 3) ұлттың бәсекеге қабілеттілігі;

4) еліміздің тұтастай ұлттық қауіпсіздігі. Жастар – біздің мемлекетіміздің келешек тағдырына жауапты буын. Күллі әлем қауымдастығы жастарға әлеуметтік құбылыстардың аса маңызды субъекті, қоғамның адамгершілік барометрі, ғаламат инновациялық күш-қуат және стратегиялық ресурс ретінде қарайды.

Сондықтан да біз қазіргі жастардың, әсіресе студенттердің ұлттық сана-сезімінің қалыптасу деңгейі және осыған сәйкес патриотизм, азаматтылық пен әлеуметтік белсенділіктерінің деңгейі қандай болатындығына енжар қарай алмаймыз. Бүгін бәсекеге қабілетті адамзат капиталы бар елге жол, Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына жол, өмірдің мүлде жаңа сапасына жол ұлттың руханиадамгершілік түлеуі арқылы ғана ашылады деген қағида аксиомаға айналуы тиіс [2,5].

1. Қазақ халқының ұлттық мәдениетіне терең бойлау, оның тарих, тіл, салтдәстүр, өзіндік болмыс сынды маңызды құрамдас бөліктерін зерделеу, сонымен бірге қазақ халқының ұлттық мүддесін, ұлттық құндылықтары мен құндылықтар бағдарын саналы түрде қабылдау негізінде болашақ мамандардың (ұлтына қарамастан) жоғары деңгейлі ұлттық сана-сезімі мен оның өзегі ретіндегі ұлттық рухты қалыптастыру.

2. Болашақ мамандардың (мемлекет құрушы ұлт өкілдерінің) ұлттық санасезім, жасампаз рух, патриоттық рух, тарихи сана мен әлеуметтік жады дамуының негізі ретінде өз ұлтының түп-тамырларын, туған халқының қалыптасып, даму тарихын терең пайымдауға тәрбиелеу. Осы ретте ұлттың даму тарихы өткен мен бүгін және болашақтың ажырамас бірлігі, өзара байланысы сапасында зерделенеді.

3. Болашақ мамандардың (ұлтына қарамастан) Қазақстан халқының тарихи дамуындағы басты қозғаушы күш, біріктіруші әрі нығайтушы бастама болып табылатын ұлттық рухы мен бірлік рухын дамыту және нығайту (халықтың рухы мықты болған сайын оның мемлекеттігінің перспективалары жоғарылай түседі).

4. Болашақ мамандардың қазақ тілін мемлекеттік тіл, ұлттық сана-сезімнің базалық тетігі, қазақ халқының, қазақ жерін мекендейтін барша

халықтар мен ұлыстардың руханияты мен бірлігінің тұғыры, тұтастай ұлттық рух дамуының негізі ретінде белсенді түрде меңгеруге дайындығын дамыту.

5. Қазақ халқының озық дәстүрлерін (қонақжайлық, барша адамдарға деген ықыласты көңіл мен қамқорлық, төзімділік) негізге ала отырып, болашақ мамандардың (ұлтына қарамастан) бірлесіп өмір сүріп жатқан халықтар мен ұлыстардың салт-дәстүріне, ұлттық мәдениеті мен тарихына деген құрмет сезімін дамыту.

6. Болашақ мамандарды (ұлтына қарамастан) өз бойында келесі қасиеттерді саналы түрде қалыптастыруға бейімдеу: а) жоғары деңгейдегі ұлттық абырой, патриотизм мен азаматтық, төзімділік (толеранттылық) пен гуманизм; ә) этносаралық, конфессияаралық және мәдениетаралық сұхбат құруға әзірлік; б) Мейірімділік, Ақиқат, Сұлулық «мәңгілік» мұраттарын бейнелейтін және жер бетінде бейбітшілік пен тыныштық орнауына септігін тигізетін, зорлықзомбылыққа жол бермейтін өмір, еркіндік, ар, сенім, махаббат, бақыт сынды жалпыадамдық тұғырлы құндылықтар бағдарын ұстануға ықыласты болу.

7. Болашақ мамандардың заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда келесі қасиет-сапаларға ие бәсекеге қабілетті зияткер тұлғаға деген сұраныстың жоғары болатындығын саналы түрде пайымдап түсінуге бағыттау: а) өзін жетілдіруге, өздігімен дамуға, өзінің негізгі күш-қуатын іске асыруға және өзін танытуға ұмтылыс; ә) жаңа білім мазмұныны игеріп, тың идеяларды ойлап табуда бастамашылдық таныту және оларды отан игілігі үшін жүзеге асыруға дайын болу [2,12].

Құндылықтардың өзіндік қызметі туралы түрлі пікірлер бар. (Рокич, Хофстед, Шварц т.б.). Дегенмен, оның функциясын біршама толымды түрде ашып берген – социопсихолог Дж.Фихтер. Ол құндылықтардың негізгі алты функциясы бар деп есептейді.

1. Құндылықтар – адамдар мен топтардың әлеуметтік игіліктерге жетуіне жол ашатын құралдар. Стратификация жүйесін жасайды. Жеке тұлғаның айналасындағылардың көзінше қай тұста екенін білуге сеп болады.

2. Құндылықтар адамдардың назарын қалаулы, пайдалы әрі маңызды деп танылған мәдени не материалдық нысандар үшін бағыттайды. Өте құнды бір объект қашанда адам мен қоғам үшін ең үздік деп танылмауы мүмкін.

3. Әр қоғамдағы идеал түсінік пен мінез-құлықтар құндылықтар арқылы анықталады. Әлеуметтік тұрғыдан бағалы деп танылған мінез-құлықтың кестесін (диаграммасын) сызады. Осылайша адамдар әрекеттері мен түсініктерін ең жақсы қай жолда көрсету керек екенін ұғына алады.

4. Құндылықтар адамдардың әлеуметтік рөлдерін таңдауында және оны жүзеге асыруында жетекшілік жасайды. Қызығушылық оятып, қайратын қамшылайды.

5. Құндылықтар – әлеуметтік бақылау мен басқарудың құралдары.

Адамдарды әдет-ғұрыптарды сақтауға бағыттайды, дұрыс нәрселерді жасауға итермелейді. Сонымен бірге, құндылықтар мақұлданбаған (бұрыс) мінез-құлықтарға тосқауыл болады, тыйым салынған үлгілердің нелер

екеніне жөн сілтейді және әлеуметтік тәртіпсіздіктерден туындаған ұят пен кінәлылық сезімдерінің оңай ұғынылуын қамтамасыз етеді.

6. Құндылықтар ниеттестік (ынтымақтастық) құралдары ретінде де қызмет етеді. Әлеуметтанушы ғалымдардың бір шарасы – кейбір топтардың жалпы адамзаттық құндылықтарды жаю үшін арнайы жасақталуы. Адамдар дәл осы топ мүшелерінен адамгершіліктің жоғарғы үлгілерін күтеді әрі өздері де сол топ мүшелеріне ұқсауға тырысады. Ортақ құндылықтар әлеуметтік ниеттестік (ынтымақтастық) жарататын және оны ғұмырлы ететін ең маңызды факторлардың бірі болып саналады» [6,87].

Қорытынды Жоғары білім берудің жаңа парадигмасы нәтижесі білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарауға әкелетін білімге бағытталып отыр. Қазақстан халқына хас ұлттық мәдениет құндылықтарын, дәстүрлерін сақтауға бағытталған этносхема мен қалаулы әрекеттер этномоделінің түзілу. ЖОО-да болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беру мәселесі Жастарымыздың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардан, адамгершілік және моральдық нормалардан алшақтауы, адамдар арасындағы қарым-қатынастарда ізгілік пен игіліктің жетіспеушілігі көп кездесетіні белгілі. әр студенттің ұлттық сана-сезімін оятуға, олардың тәуелсіз Қазақстан азаматы ретінде ұлттық намыс, ұлттық тіл, ұлттық діл, ұлттық мінез, ұлттық келбет, ұлттық бірлік сияқты маңызды ұғымдарды тереңінен түсініп санасына сіңіруге қолайлы жағдай жасалуда. Педагогика ғылымының теориясы мен практикасында студент жастардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыдан салыстырмалы талдау қазақстандық білімді модернизациялаудың қазіргі заманғы жағдайында студенттерді отбасылық өмірге және некеге дайындау білім беру үдерісінде көрініс табуы қажет деп тұжырымдауымызға негіз болды. Сонымен жүргізілген зерттеу нәтижелері мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Нишанбева С.З. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. диссертация жұмысы Алматы, 2019
2. Қазақстан ЖОО-ларында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы Алматы – 2015 ,27
3. Ұлттық тәрбие ғылыми-зерттеу институты Абай атындағы ҚазҰПУ, №5 (13) 2012
4. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 64 б.
5. <https://e-history.kz/kz/news/show/456/>
6. Худайбергенов, Н., Қазіргі ғылымдағы жалпы адамзаттық құндылықтар жайлы түсінік. Eurasian Journal of Researches in Social and Economics Avrasya Sosyal ve Ekonomi Araştırmaları Dergisi Cilt 4, Sayı 10 (2017), s.80-89.